# ЭКОНОМИКА И ПРАВО КАЗАХСТАНА

02
(530)
03-04.
2017

Журнал издается с 1 января 1995 года
Периодичность – 1 раз в два месяца
СОБСТВЕННИК И ИЗДАТЕЛЬ –
**Центр деловой книги «Глобус»**
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР –
**А.П. СКВОРЦОВ**

Журнал зарегистрирован
Министерством культуры,
информации и общественного согласия
Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство
№ 238 - Ж от 21 мая 1998 года.

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:**

**К.С. МАУЛЕНОВ** – профессор Международного университета информационных технологий, лауреат премии имени Ч. Валиханова в области науки, доктор юридических наук.

**З.К. АЮПОВА** – профессор кафедры международного права, факультета международных отношений КазНу им. аль-Фараби, доктор юридических наук

**А.Н. САХАНОВА** – проректор по стратегическому развитию Казахского Университета Международных Отношений и Мировых Языков им. Аблай хана, профессор, доктор экономических наук.

**Ж.А. АУБАКИРОВА** – профессор кафедры «Экономика» КазНу им. аль-Фараби, доктор экономических наук.

**Ю.А. ЗЮБАНОВ** – заместитель директора института права, директор Байконурского филиала НОУ ВПО «Академии МНЭПУ», доцент, профессор МНЭПУ, член-корреспондент РАЕН, кандидат юридических наук.

**В.В. РОССИХИН** – доктор юридических наук, профессор, академик Европейской академии естествознания, Глава ВГО «Права Народа», Национальный юридический университет имени Ярослава Мудрого.

**Д.Т. КЕНЖЕТАЕВ** – начальник Карагандинской академии МВД РК им. Б.Бейсенова, генерал-майор полиции.

**И.П. КОРЯКИН** – начальник Научно-исследовательского института МВД РК при Карагандинской академии МВД РК им. Б.Бейсенова, полковник полиции, доктор юридических наук.

**Г.Ж. СУЛЕЙМАНОВА** – Заместитель начальника Актюбинского юридического института МВД РК им. М. Букенбаева по научной работе. Кандидат Юридических наук, кандидат юридических наук.

**С.Н. БАЧУРИН** – Заместитель начальника Костанайской академии МВД Республики Казахстан имени Шракбека Кабылбаева кандидат юридических наук, ассоциированный профессор / доцент/, полковник полиции

**В номере:**

*НА ПОДСТУПАХ К ДИССЕРТАЦИИ* ........................................2

*Г.К. Жанибекова,*
*М. Садыкова,*
Финансовая устойчивость как одна
из составляющих оценки финансового
состояния предприятия ........................................2

*Г.К. Жанибекова,*
*М. Садыкова,*
Платежеспособность и кредитоспособность
как формы проявления финансовой устойчивости ........................5

*Ж.А. Жакешев,*
Риски в договоре строительного подряда ........................8

*Е.С. Абулгазин,*
*Н.Д. Молдахметов,*
Современное состояние национального
законодательства и практика противодействия
уголовным правонарушениям, связанным
с созданием и руководством финансовой
(инвестиционной) пирамидой в Республике Казахстан ........................9

*К.И. Юдаков,*
*Е.Н. Пилецкая*
Совершенствование правового регулирования
деятельности ломбардов как один из путей
предупреждения и раскрытия краж ........................11

*З.К. Аюпова,*
Активизация учебного процесса
как способ укрепления компетенции
молодых специалистов ........................15

*С.М. Адамбекова,*
Кооперативтер – еліміздің
агроөнеркәсібінің негізі ........................17

*ЛИСТАЕМ СТРАНИЦЫ ДИССЕРТАЦИЙ* ........................20

*А.С. СМЫШЛЯЕВ*
Проблемы правовой регламентации
уголовно-процессуальной ответственности ........................20

*Р. А. МЕДИЕВ*
Уголовно-процессуальный синтез следственных
и оперативно-розыскных полномочий следователя
в условиях реформирования правовой
системы Республики Казахстан ........................46

ЦЕНТР ДЕЛОВОЙ КНИГИ
ГЛОБУС

Метод проектов всегда ориентирован на самостоятельную деятельность студентов – индивидуальную, парную, групповую. Этот подход органично сочетается с методом обучения в сотрудничестве.

Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы, предусматривающей, с одной стороны, использование разнообразных методов, с другой – интегрирование знаний, умений из различных областей науки, техники, технологии, творческих областей.

Работа над проектом тщательно планируется преподавателем и обсуждается со студентом. При этом проводится подробное структурирование содержательной части проекта с указанием поэтапных результатов и сроков представления результатов [3].

Не владея достаточно свободно исследовательскими, проблемными, поисковыми методами, умением вести статистику, обрабатывать данные, не владея определенными методами различных видов творческой деятельности, будущему выпускнику трудно планировать возможности успешной организации проектной деятельности.

***Портфолио.*** Под термином *портфолио* понимается способ фиксирования, накопления и оценки индивидуальных достижений. Слово «портфолио» возникло в эпоху Возрождения, так итальянские архитекторы называли папки, в которых приносили на суд заказчика свои строительные проекты. В наше время портфолио называется альбом с фотографиями, которые призваны показать мастерство фотохудожника или фотомодели.

Начиная с 1960-х гг. в американской педагогике портфолио стали называть также папки индивидуальных учебных достижений учащихся. Они могут содержать их рефераты, сочинения, эссе, решения задач – все, что свидетельствует об уровне образования и духовной эволюции учащегося [2, С.17].

В заключение подчеркну, что существуют следующие типы портфолио: ***портфолио документов*** – портфель сертифицированных (документированных) индивидуальных образовательных достижений.

***портфолио работ*** – собрание различных творческих, проектных, исследовательских работ учащегося, а также описание основных форм и направлений его учебной и творческой активности: участие в научных конференциях, конкурсах, учебных лагерях, прохождение элективных курсов, различного рода практик, спортивных и художественных достижений и др.

***портфолио отзывов*** – включает оценку достижений обучающихся, проделанный им анализ различных видов учебной и внеучебной деятельности и ее результатов, резюме, планирование будущих образовательных этапов, а также отзывы, представленные преподавателями, родителями, возможно, сокурсниками, работниками системы образования и др.

Таким образом, все выше исследованные нами существующие на сегодняшний день подходы в учебном процессе способствуют активизации студенческой молодежи. В конечном счете, все это помогает глубокому усвоению материала.

***Литература:***

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g
2. Богословский В.А. и др. Методические рекомендации по проектированию оценочных средств для реализации многоуровневых образовательных программ ВПО при компетентностном подходе / В.А. Богословский, Е.В. Караваева, Е.Н. Ковтун, О.П. Мелехова, С.Е. Родионова, В.А. Тарлыков, А.А. Шехонин. М., 2015. – 215 с.
3. Портфолио. Педагогическая библиотека. URL: http://pedagogicheskaya- biblioteka.ru/predmet-issledovanie.htm.

***

***АДАМБЕКОВА С.М.,***
**қазақ тұтыну одағы**
**Қарағанды экономикалық университетінің доценті**

# Кооперативтер – еліміздің агроөнеркәсібінің негізі

*Кілтті сөздер: кооперативтік қозғалыс, кооперативтер қызметі, жаңа драйвер, өсімнің болашақ моделі, кооперативтер жаңа жағдайда, кооперативтік құндылықтар мен қағидалар.*

Отанымыздың ширек ғасырлық тәжірибесі еңселі еңбек пен салауатты өмір салтының нәтижесінде кемелденген әрі қуаты толысқан сақа мемлекетке айналды. Түбегейлі жаңғырулар іске асуда. Алдымен нарықтық экономика қағидаларына негізделген мүлдем жаңа сипатты мемлекет құрылды. Онымен катар «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырып, асқақ Астанамыз салынды. Ал, таяуда ғана Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттік» деп аталған Қазақстан халқына жолдауы ел болашағының жаңа арқауын ұсынды[1]. Құжатта Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып, Отанымы-

здың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құруды міндеттеді. Мұнда: «Қазіргі кезде көптеген елдер осындай міндетті орындауға ұмтылуда. Өсімнің жаңа моделіне көшу тәсілі әр жерде әр түрлі екеніне сенімдімін. Біз өзіміздің мықты тұстарымызды пайдаланып, Тәуелсіздігіміздің 25 жылында бірге қалыптастырған әлеуетімізді жоғалтып алмауымыз керек қой»,- деп нақты көрсетілген. Бұл жаңғырту қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлы жоспары – «100 нақты қадам» бағасында өткізіледі... оның бес басымдылығы нақтыланған. Олар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған [1].

Алға қойылған міндеттердің арасында өсімнің болашақ моделінің буындары қатарында агроөнеркәсіп кешені ерекше аталған. Оның болашағы зор екендігі көрсетіліп, шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу арқылы ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе аламыз делінген. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Елбасы Үкімет пен әкімдерге нақтылы тапсырмалар тағайындады. Оның ішінде субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу қажеттігін, алдағы бес жылда 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік жасау керектігі анық көрсетілген. Әрине мұндай бағдарлама негізсіз емес. Өйткені, 2015 жылдың 29 қазанында Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңы шыққан болатын. Енді ресми құжатты жүзеге асыру жалғасып отыр. Осы Заң ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтық жағдайын, олардың құрылуы, қызметі, қайта ұйымдастырылуы және таратылуы тәртібін анықтаған құжат болып табылады. Оның барлығы жалпы ережелер, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту саласындағы мемлекеттік реттеу, ауыл шаруашылығы кооперативін реттеу, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкі, ауыл шаруашылығы коопертивіндегі мүшелік, ауыл шаруашылығын басқару, ауыл шаруашылығы кооперативін қайта ұйымдастыру және тазару мәселелерін нақтылап заңдастырған болатын. Оның қолданысқа енгізу тәртібіне қарасақ, селолық тұтыну кооперативтері, су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері, ауыл шаруашылығы серіктестері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастыру немесе тарату рәсімдерін өтуге міндетті. Біздің пікірімізше, кооперативтерді біріктіру процесінде тарихи тәжірибе, жергілікті жағдайлар, оның тиімділігі және т.б. мәселелер ескерілсе, оң тәжірибеге қол жеткізуге болады. Кооперативтік қозғалыстардың тарихы мен теориясына үңілсек, оның мынадай құндылықтарына көңіл аударамыз: өзін-өзі қолдау, өзара көмек, бостандық, демократия, әділеттік, адалдық, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметік қамқорлық, әмбебаптық және т.б. Сонымен қатар мынадай сипаттағы негізгі қағидаларын да көрсетуге болады: еріктілік және ашық түрдегі мүшелік, демократиялық бақылау, кооператив мүшелерінің экономикалық қатысуы, автономия және тәуелсіздік, білім беру, оқыту және ақпарат, кооперативтер арасындағы кооперация және қоғамға қатынасы. Бұл қасиеттер кооперативке қатысты әрбір мүшенің моральдық-этикалық саналарын қалыптастырып, қазіргі экономикалық мінез-құлықты қалыптастырады. Қазіргі саяси-экономикалық қатынастар нарықтық экономикаға байланысты болғандықтан көптеген ғалымдар бұл құбылысқа аса зейін қойып отыр [2]. Бұл зерттеулерде адам белсенділігінің психологиялық иіндері, негізгі экономикалық көзқарастардың психологиялық аспектілері, экономикалық адамның психологиялық мәнінің модельдері, экономикалық басқару құрылымындағы кәсіпкердің рөлі, тұтыну экономикасы мен экономикалық саясаттағы психологиялық мәселелер зерттелген. Аталған бағыттағы зерттеулер жаңа нарықтық қатынастар экономикасындағы өмір салтын, адам жауапкершілігін, тәртібі мен дағдыларының орнықты болуына арналған. Асқан үйлесімділікті талап етеді.

Үлкен талаптар қойылатын коопертив өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне мүліктік жауапкершілікті көтеретін олардың мүшелерінің, яғни меншік иелерінің басым түрде жеке еңбегімен қатысуына негізделетін, ұжымдық меншік нысанындағы кәсіпорындар. Соған орай бұлар өзара көмекке, табыстар мен пайдаларды тең бөлуге, мүшелері арасындағы қарым-қатынастардың теңдігіне, бірлестіктегі қарым-қатынасқа өзара түсінісу мен іс-қимыл жасаудың тиімдігі мен тұрақтылығына негізделген ережелер, тәжірибелер мен әртүрлі әдістер жүйесі арқылы өздерінің мүшелеріне тиісті және солар арқылы бақыланып отыратын ресми ұйымдар. Міне бұлар ең алдымен адамдарды біріктіретін форма, қоғамдық ұйым болып саналады. Үлкен мақсаттарға қол жеткізу үшін бірігеді. Ал қазіргі еліміздің ұсынып отырған саясаты бойынша, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету ескерілген. Мәселен, 2017 жылы Қарағанды облысында 37 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылмақ. Оның 15-і жылдың бірінші тоқсанында іске қосылып, 22-сі жыл аяғына дейін тиісті жұмыстарына кіріседі. Бұл мақсатқа мемлекет 3,5 млрд бөлініп отыр. Кооперативтердің тиімдігі сол, ұсақ шаруашылықтар біріге отырып, мемлекеттік қолдауға ие бола алады. Сондықтан мұндай ұжымдық меншік коллективтері үшін экономика психологиясын тәрбиелік жүйеге қолдану өте пайдалы бола бермек [3].

Ғалымдардың пайымдауынша әлемде кооперативтерге жатқызылатын 100-ден астам түрі бар 1 млн-ға жуық ұйымдар өмір сүреді екен. Олар қоғамдық және экономикалық өмірдің әртүрлі аясында өз қызметтерін жүргізеді, олардың саяси бағыттаушылықтары да әр алуан, соған қарамастан бұл ұйымдардың бәріне ортақ, кооперативтік ұйымдардың біртұтас санаттарына жатқызуға мүмкіндік беретін сипаты белгілері бар [4].

Ауыл шаруашылығы құрылымын қайта құру мен аграрлық реформаның негізгі бағытының бірі

– фермерлікті дамыту. Қазіргі кезде шаруа (фермер) қожалықтары ауылдағы негізгі азық – түлікпен қамтушы ғана емес, сондай-ақ негізгі жұмыс орны, отбасы табысының қайнар көзі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы саласында шағын аграрлық бизнес шаруа қожалықтарының дамуымен сипатталады. Алайда, бірқатар объективті және субъективті жағдайларға байланысты шаруа (фермер) қожалықтарына өндірістің көлемі, тауарлығы және табысы әртүрлі сипатқа ие.

Өндіріс процесінде көптеген кедергілерге кездеседі. Атап айтсақ, рыноктың конъюктурасын жете білмеу, айналымдағы қордың жетіспеуі, өнімдердің кең түрде бәсекеге түсе алмауы, қаржы тапшылығы, арнайы қоймалардың жетіспеушілігі, өнімді өткізу жүйесінің әлі жетіліп, қалыптаспауы және өзге де себептер.

Нарықтық экономика жағдайында әрбір шаруашылық тек қана пайда тауып отырмаса, ісі алға баспайды. Ал пайданың тауарлы өнімді сату арқылы келетіні белгілі. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, облыста өндірілген өнімнің көбін өзінің тұтынуына пайдаланған шаруа қожалықтарының үлесі басым. Фермерлердің 30 пайызға жуығы астық, қант қызылшасы, күнбағысты, 80 пайызға жуығы – мал мен құсты, 50 пайыздан астамы сүт пен жұмыртқаны сатуға шығармаған. Тауарды тұтынушыға жеткізу процесі кезінде ауыл шаруашылығында тауар өндірушілер көптеген жағдайларға байланысты өздерінің ойларын толығымен жүзеге асыра алмайды, атап айтсақ, маркетинг қызметін жеткілікті білмеу мен әріптестік қарым-қатынастағы нормативтік реттеулер мен экономикалық негіздердің болмауы, т.б. себептерден. Әрине мұндай кедергілер қандай шаралар арқылы жойылады деген проблемалар байыппен шешуді талап етеді. Атап өткеніміздей әлемдік тәжірибеде аграрлық өндірісті кооперация процесі арқылы дамыту кең өріс алуда. Ауыл шаруашылығы кооперативінің кең тарауының мәні жеке жер меншігіне негізделген ұсақ фермерлік шаруашылықтары мен әртүрлі қызмет түрлері жүйесінде ірі өндірісті координациялаудың тиімді формасы болып табылады.

Кооперацияның фермерлерді тарту себебі, еркін әріптестік жағдайында олар өздерінің толық шаруашылық дербестігін, басқарушылық шешім қабылдау үшін жауапкершілігін сақтайды. Коопертивтер фермерлердің қызығушылығын қорғау функциясын атқарады және АӨК-дегі экономикалық мықты әріптестермен нарықтық байланыс жүйесінде бәсекелестік қабілет деңгейін арттырады.

ЕО елдерінде фермерлік кооперативтер дайын азық-түлік өнімдерінің бүкіл көлемінің 60 пайызына дейін қамтамасыз етеді, әрі фермер шаруашылықтарын өндіріс құралдарымен жабдықтайды, олар өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін дайындауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асырады. АҚШ-та кооперативтер елде өндірілген барлық тауарлы ауыл шаруашылық өнімдерінің 30 пайызын рынокке шығарады (оның ішінде сүттің бүкіл көлемінің 72 пайызын, қанттың 53 пайызын, мақтаның 30 пайызын, жеміс пен көкөністің 25 пайызын) және ауыл шаруашылығына өндіріс құралдарының 25 пайызына дейін жеткізілім жасайды.

Елімізде ауыл шаруашылығы жер көлемі жағынан аз шаруа қожалықтарының саны басым, яғни ұсақ-ұсақ шаруашылықтардың өнім беру көлемі де шамалы болатыны белгілі. Кезінде ірі шаруашылықтар таратылғанда біреу үлкен, кейбіреуі алақандай ғана жерге ие болды. Ауылда – жермен, малмен шұғылданып өскенімен жеке шаруашылықты дөңгелентіп игеріп кету оңай емес. Фермер – экономист, есепші, агроном, зоотехник сияқты бірқатар мамандықтардан хабардар болу керек. Әйтпесе шет елдеріндегі фермерлер арнайы кеңес беретін немесе қызмет көрсететін кооперативтерге бірігуі қажет. Сонымен тәжірибе дәлелдеп отырғандай бұл мәселеде қиындықтар да, кедергілер де жеткілікті. Дегенмен, шаруашылықтардың кооперативтік жүйесі – тұрақты жүйе. Мәселен, Германияда кейінгі жылдары мың әртүрлі коммерциялық құрылымдар банкроттыққа ұшыраған, бірақ олардың ішінде бірде-бір кооператив болмаған. Ауыл шаруашылығы, агросервис, өңдеу және өткізу салаларының арасындағы өндірістік байланыстың бұзылуы салдарынан барлық агроөнеркәсіп кешенінің салаларына зор нұқсан келді. Бұдан келіп, баға диспаритеті, ауыл шаруашылығы тауар монополиясы, кәсіпорындардың шығынмен жасауы және т.б. теріс жағдайлар орын алады. Сондықтан көптеген негізгі проблемаларды шешуге байланысты бұл ұйымдардың күштерін біріктірудің маңызы зор әрі өмірлік қажеттілік.

Түйіндеп айтқанда, елімізде ұсынылып отырған бағдарлама дер кезінде ұсынылған міндеттер. Кооперация – қазіргі кездегі аграрлық реформаның маңызды бөлігі бола отыра нарықтық экономика жағдайына толық сәйкес келеді.

**Әдебиеттер:**

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы . –«Егемен Қазақстан», 31 қаңтар 2017 ж.

2. Қар.: Изоров М., Сарсенбаева З.Н., Хамидов А.А. «Формирование человеческого капитала в независимом Казахстане: социально-философский анализ» -Алматы, 2011 – 292 б.; Бункина М.К., Семенов В.А. Экономика и психология. М., 1998 ж.; Китов А.И. Экономическая психология. М., 1987 ж.; Соколинский В.М. Психологические основы экономики. М., 1999 ж..

4. Қар.: Елікбаев Н., Адамбекова С. М. «Қазіргі кезенде азаматтардың экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұрғысында. – Экономика и право Казахстана. –N:04,2015, 46-48б.

5. Толығырақ, қар.: Қ.Ж. Абилов, С.М. Адамбекова. Кооперативтік қозғалыстың тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Қарағанды 2003, 25-26 б.

***